

SOLVa

| ESG - Стратегиясы



Кіріспе



Қазіргі әлемде тұрақты даму қағидаттарын ұстанбай және оларды өз қызметінде енгізбейінше табысты компания болу мүмкін емес.

Solva бұл қажеттілікті жете түсінеді және әлеуметтік және экологиялық жобаларды күшейту және корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіру арқылы Қазақстан экономикасын нығайтуға, қоғамның әл-ауқатын жақсартуға және қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға өз үлесін қосады.

Біз алдымызға жоғары сапалы және ыңғайлы несие өнімдерін алуда және инновациялық технологияларды қолдануда тең мүмкіндіктер бере отырып, Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу міндетін қойып отырмыз. Біз клиенттермен, серіктестермен және қызметкерлермен жұмыста жауапты және әдепті іскерлік мінез-құлық қағидаттарын басшылыққа аламыз, сол арқылы халықтың әл-ауқатына және тұтастай алғанда экономиканың дамуына үлес қосамыз.

ESG қағидаттарына адалдығымызды нығайту үшін біз Solva-ның тұрақты даму саласындағы Стратегиясын дайындадық, оның аясында біз әлемге оң ықпалымызды арттыру үшін негізгі басымдықтарымыз бен мақсаттарымызды анықтадық.

Бұл құжатта сіз тұрақты даму саласындағы біздің мақсаттарымыз бен бағыттарымызбен, біз ең көп үлес қосатын басымдыққа ие ТДМ-мен, сондай-ақ біз өз қызметімізде басшылыққа алатын ESG қағидаттарымен таныса аласыз.

Біздің ESG тәсіл туралы толығырақ біздің Компанияның ресми сайтында жарияланған тұрақты даму саласындағы біздің Саясаттан оқи аласыз.



ESG Стратегиясы

solva

Инклюзивті қаржыландыру

- ▶ Азаматтардың әртүрлі санаттары мен бизнестің әртүрлі салалары үшін қаржы өнімдерінің қолжетімділігін арттыру
- ▶ Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға жәрдемдесу

Клиентерге қамқорлық жасау және қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру

- ▶ Қазақстан халқының қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға жәрдемдесу
- ▶ Жауапты несиелеу қағидаттарын сақтау және клиенттерге көмектесу

Қолайлы жұмыс атмосферасын құру және қызметкерлердің әлеуетін іске асыруға қолдау көрсету

- ▶ Қызметкерлер үшін лайықты еңбек жағдайлары мен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету
- ▶ Қызметкерлерді оқыту және әлеуетін дамыту

Қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруімен күресу

- ▶ Климаттың өзгеруімен күресуге және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған «жасыл» жобалар мен жасыл технологияларды қаржыландыру
- ▶ Жеке экологиялық жобаларды жүзеге асыру

Стратегиямыздың толық нұсқасын Тұрақты даму саясатымыздан [веб-сайттаң](#) оқыңыз.

БҰҰ тұрақты даму Мақсаттарының интеграциясы



Solva 2015 ж. халықаралық деңгейде қабылданған және адамзаттың ең өзекті мәселелерін шешуде үкіметтердің, бизнестің және азаматтық қоғамның күш-жігерін үйлестіру үшін негіз болып табылатын БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы Мақсаттарына (бұдан әрі – ТДМ) қол жеткізудің маңыздылығын түсінеді және үлес қосуға ұмтылады. Сонымен қатар Solva БҰҰ-ның адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Жаһандық шартының 10 қағидатына адалдығын білдіреді.

Үздік тәжірибелер мен халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес, ТДМ-на қол жеткізудегі қосқан үлесінің тиімділігін арттыру мақсатында Solva талдау жүргізіп және Компания ең көп үлес қосуға міндеттенетін басымдыққа ие **4 ТДМ анықтады** :



Solva оқыту жүйесін жетілдіру арқылы өз қызметкерлеріне оқу және даму мүмкіндіктерін ұсынады. Сондай-ақ, компания қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру бойынша тегін семинарлар өткізеді. Бұдан бөлек, Қазақстан әйелдерінің де қаржылық білім деңгейін арттыруға бағытталған «Әйелдер ісі» бағдарламасы іске қосылды.



Solva әйелдердің кәсіби өсуіне, дамуына және көшбасшылығына тең мүмкіндіктер жасайды және қызметкерлер арасында гендерлік теңдікті сақтайды. Сондай-ақ, біз әйелдерге қаржы өнімдеріне қол жеткізуді, олардың бизнес-жобаларын қаржыландыруда тең мүмкіндіктер береміз және «Әйел ісі» бағдарламасын іске асырамыз.



Solva тең, лайықты және қауіпсіз жұмыс жағдайлары мен кәсіби өсу мүмкіндіктерін ұсына отырып, жұмыс орындарын құрады. Компания сонымен қатар клиенттердің — орта, шағын және микробизнестің экономикалық дамуы мен өркендеуіне ықпал етеді.



Solva өзінің CO2 шығарындыларын өтеу жобаларын қаржыландыру арқылы көміртекті бейтарап компания мәртебесін сақтауды жоспарлап отыр. Компания климаттың өзгеруімен күресуге және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған «жасыл» жобалар мен жасыл технологияларды қаржыландыруды жоспарлап отыр.

Solva өз үлесін қосатын басқа ТДМ және олардың міндеттері туралы толығырақ тұрақты даму саласындағы Саясатта, сондай-ақ Компанияның тұрақты даму саласындағы Жыл сайынғы Есебінде оқуға болады.

ESG саласындағы Solva қағидаттары

Solva құндылықтары мен миссиясына сүйене отырып, кәсіби этика Кодексін, тұрақты даму саласындағы стандарттарды және жауапты қаржыландыру саласындағы халықаралық қағидаттарды басшылыққа ала отырып, Solva ESG және тұрақты даму бағытындағы өз қызметінде **бес негізгі қағидатты** басшылыққа алады:

1

Жауапкершілік

Solva экономикалық табыс пен әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті сақтайды

2

Адам құқықтарын сақтау

Solva өз қызметінде адам құқықтарының сақталуын, инклюзивтілікті, әртүрлілікті, барлығына әділ және тең қатынасты қамтамасыз етеді

3

Этикаға сәйкестік

Solva бизнесті этикалық жүргізу қағидаттарын ұстанады және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізеді

4

Заңнаманы сақтау

Solva мойындалған ұлттық және халықаралық заңдарды, принциптер мен стандарттарды басшылыққа алады

5

Ашықтық

Solva ашық тілдесу және мүдделі тараптармен ашық диалог арқылы ақпараттық ашықтықты жетілдіреді.



Байланыс



Біздің кеңсенің мекенжайы: Сейфуллин даңғылы 502, 9 қабат, Турар Бизнес Орталығы, 050012, Алматы, Қазақстан



Телефоны: +7 (701) 006 35 35



E-mail: esg@solva.kz



Веб-сайты: <https://invest.solva.kz/impact/>

